

## ОҚУ-ТӘРБИЕ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

мектепалды даярлық сынып

Балалардың жасы: 5 жас

Жоспар қай кезеңге жасалды: 18.03–20.03

Күн тәртібі	Сәрсенбі 18.03	Бейсенбі 19.03	Жұма 20.03
Балаларды қабылдау	Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: жеке әңгімелер, қарым-қатынас ойындары және балаларда жақсы көңіл-күй қалыптастыру. Достық атмосфера құру		
	<p>«Таң басталады»                      Мақсаты: қарым-қатынас қиындықтарын жеңу.                      «Көктем» саусақ ойыны                      Мақсаты: қолдың ұсақ моторикасын дамыту.                      Көркем сөз:                      Міне, наурыз айы келді.                      Терезені тамшы қағады.                      Қақпада қар мысығы                      Қақ суын ішеді.                      (Сөйлеуді дамыту + қоршаған әлеммен танысу)</p>	<p>«Достық»                      Мақсаты: балалар арасындағы достық қарым-қатынас, үлкендерге құрметпен қарау.                      Көркем сөз:                      Көктем келді өлкеме,                      Табиғатым тамаша.                      Гүл қаптады бөктерді,                      Нұрға толды айнала                      «Отбасы» саусақ ойыны                      Мақсаты: қолдың ұсақ моторикасын дамыту.                      (Сөйлеуді дамыту + қоршаған әлеммен танысу)</p>	<p>«Көктем»                      Мақсаты: балаларда жақсы көңіл-күй қалыптастыру.                      «Қоңырау» артикуляциялық гимнастикасы                      Мақсаты: артикуляциялық аппаратты дамыту.                      «Көктем келді» музыкалық сүйемелдеуімен қимылды ойын                      (Сөйлеуді дамыту + қоршаған әлеммен танысу + музыка)</p>
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Балаларда қызығушылықты қалай дамыту керектігі туралы әңгіме. «Күн режимі» тақырыбындағы жеке әңгімелер		
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және т. б.)	<p>«Бұрын не, кейін не?» дидактикалық ойын                      Мақсаты: жеке өсімдіктердің даму реттілігі, сондай-ақ жыл мезгілдерінің реттілігі туралы білімді кеңейту.                      (Қоршаған әлеммен танысу + сөйлеуді дамыту)                      «Епті саусақтар» қимылды ойыны                      Мақсаты: қимыл тапқырлығын, қимыл</p>	<p>«Фигураны жина» дидактикалық ойыны                      Мақсаты: қандай да бір фигураны құрайтын заттардың есебін жүргізу қабілетін дамыту. (Математика негіздері + сөйлеуді дамыту)                      «Орын ауыстыру» қимылды ойын.                      Мақсаты: балалардың шығармашылық белсенділігін арттыру, қиялын ояту, көңіл-күйін көтеру; жинақылықты, зейінді,</p>	<p>«Жетеді ме?» дидактикалық ойын                      Мақсаты: әр түрлі көлемдегі заттардың теңдігі мен теңсіздігін көру қабілетін дамыту; сан өлшемге тәуелді емес деген ұғымға келтіру (Математика негіздері + сөйлеуді дамыту)                      «Қолтырауын» қимылды ойыны                      Мақсаты: ептілікті, байқауды, зейінді дамыту. (Математика + дене</p>

	<p>мәселесін бірлесіп шешу кезінде іс-әрекетті үйлестіру қабілетін дамыту. (Математика + дене шынықтыру)</p> <p>«Құстарды орналастыру» үстел үсті ойыны</p> <p>Мақсаты: логикалық ойлауды дамыту. (Қоршаған әлеммен танысу + сөйлеуді дамыту)</p>	<p>эмоциясы мен әрекетін басқару қабілетін, ұжымдық және үйлесімді іс-әрекет дағдыларын дамыту. (Математика + дене шынықтыру)</p> <p>«Қауымдастық» үстел үсті ойыны</p> <p>Мақсаты: логикалық ойлауды дамыту. (Қоршаған әлеммен танысу + сөйлеуді дамыту)</p>	<p>шынықтыру)</p> <p>«Мен жасырдым...» үстел үсті ойыны</p> <p>Мақсаты: логикалық ойлауды дамыту. (Қоршаған әлеммен танысу + сөйлеуді дамыту)</p>
Ертеңгілік жаттығу	Жаттығулар кешені		
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	<p>«Мейірімді бол» ойын жаттығуы</p> <p>Мақсаты: мәдени дағдыларды дамытуды жалғастыру</p>	<p>«Дорба» ойын жаттығуы</p> <p>Мақсаты: қиялды, қолдың ұсақ моторикасын дамыту</p>	<p>«Бұрыштар» ойын жаттығуы</p> <p>Мақсаты: санау жаттығуы, жазықтыққа бағдарлау, түс</p>
Ұйымдастырылған іс-әрекет	<p><b>1.Қоршаған ортамен танысу</b></p> <p>Өсімдіктерді қалай күту қажет? Өсімдіктерге қажеттіліктеріне сәйкес күтім жасау әдістерін білу:оларды суару,түбін қопсыту,жапырақтың шаңын сүрту.</p> <p>Балалардан бәйшешекті бөлме гүліне жатқызуға бола ма деп сұрайды?</p> <p>Бәйшешектен білеміз, Көктем келіп қалғанын. Мәз боламыз, күлеміз Көрсек гүлін жарғанын : Ауа райында қандай өзгерістер байқадыңдар? Ең алғашқы гүлдер қай кезде пайда болады? Сендер көктем шыққанда бірінші болып бұр жаратын қандай гүлдерді білесіңдер? Оларға күтім жасау қажет пе?</p> <p>Пікірталасқа қатысады. Сұрақтарға жауап береді. Көктемнің белгілерін атап көрсетеді. Алғашқы гүлдердің қар еріп, жердің ақ көрпесі түрілген кезде пайда</p>	<p><b>1.Сөйлеуді дамыту</b></p> <p>Наурыз көктем мерекесі.Негізгі ойды жеткізе білу,әңгімені бірізді айту,шағын логикалық және хабарлау сипатындағы әңгімелерді құрастыру.</p> <p>Бүгін зерек болып, алғырлық танытқан балаларға мына оюлар сыйға беріліп отырады. Алдын ала тәрбиешідайындаған «Ботагөз», «Қошқармүйіз», «Құс қанаты», «Қызғалдақ» оюлары сұраққа жауапберген әр балаға беріліп, сабақ соңында кімде қанша ою бар екені анықталып, сол арқылы «ең зерек бала» аталынып, марапатталынатынын айтады.Топ бұрышына кішкене көрме сахна құрылады. Тәрбиеші балаларға өнер туралы түсінік беріп өтеді.Қазақ халқында өнер көп. Соның бірі – айтыс өнері. Айтыстың түрлері көп, соның бірі – жұмбақ айтыс. Ал бізге бүгін ақын Сара апамыздың</p>	<p><b>1.Сауат ашу негіздері</b></p> <p>Біз нені үйрендік,нені білдік?</p> <p>Сөйлемді ауызша талдау:жай сөйлемдерді сөздерге бөлу,сөйлемдегі сөздердің ретін,санын анықтау,берілген сөзге сөйлем құрастыру.</p> <p><b>«Қарама-қарсы іс-әрекетті айт» ойыны.</b></p> <p>Үміт жылады, Іңкәр ... <i>(жыламады)</i></p> <p>Марат үндемей отыр, Таңат ... отыр. <i>(шулан)</i></p> <p>Ардақ жазып отыр , Асыл ... <i>(жазбай отыр)</i></p> <p>Қыздар биледі, ұлдар ... <i>(билемеді)</i></p> <p>Ақтөс үрді, Кұтжол ... <i>(үрмеді)</i></p> <p><b>Дидактикалық ойын-жаттығу:</b></p> <p><b>«Жалауша»</b>Тәрбиеші қандай да бір дыбысты айтады. Егер дыбыс дауысты болса, балалар қызыл жалаушаны, егер дыбыс дауыссыз болса, көк жалаушаны</p>

	<p>болатынын айтады. Балалар тек бөлме гүлдеріне күтім қажеттігін түсіндіреді. Ал, көктемнің алғашқы гүлдері табиғатта, өз бетінше өседі. Оларға күтім жасаудың қажеті жоқ. Олар еріген қар суын, жаңбыр суын ішеді. Күннен жылуалады деген тұжырым жасайды. . Бөлме гүлдеріне күтім жасаудың негізгі ережелерін естерінетүсіреді.Тәрбиеленушілер өсімдіктерге қалай күтім жасау қажеттігі туралы ойларын айтады.</p> <p>Ұмытпай күнде, су құям гүлге. Тұрады гүлім, құлпыртып түрін. Жақсылықты қолдаймыз, Табиғатты қорғаймыз. Гүл егеміз бақтарға. Айналасын қоршаймыз.</p> <p>Балаларға «Дала гүлдеріне күтім жасау қажет пе?» деген мәселені талқылауды ұсынады. Дала гүлдеріне күтімді күн, жылы жел мен жаңбыр жасайды деп ой қорытады.Дала гүлдеріне өсіп, жетілу үшін қажетті заттар бейнеленген суреттерді қоршап сыз.</p> <p><b>2.Сауат ашу негіздері</b></p> <p>Біз нені үйрендік?Сөйлемді ауызша талдау:жай сөйлемдерді сөздерге бөлу, сөйлемдегі сөздердің ретін,санын анықтау,берілген сөзге сөйлем құрастыру.</p> <p><b>«Кім не істейді?» ойыны.</b></p> <p>Шофер не істейді? Ұшқыш не істейді? Етікші не істейді?</p>	<p>жолын қуған Кәмшат атты қызжұмбақ айтысымен келіп отыр. Үнтаспадан Кәмшаттың дауысы қосылады.</p> <p>Сәлеметсіңдер ме, балалар. Менің атым – Кәмшат. Менің бүгін сендерге ұлттық киім киіп қонаққа келгенім тегін емес. Себебі жақында Наурыз мерекесі болады.Мен қазір жұмбақ жасырамын, егер жұмбақтың жауабын білсеңдер, айтыңдар. Дұрыс жауабы табылған жағдайда мен келесі жұмбаққа көшемін. Егер дұрыс болмаса,жасырылған бұйымды сипаттауды жалғастырамын.Наурыз мерекесі туралы айтып берейін:Наурыз шығыс күнтізбесінде Жаңа жыл басы деп саналады. Наурыздың 21-інен 22-сіне қараған түні күн мен түн теңеледі.Наурыз – жақсының жаршысы, ынтымақтың белгісі, халық қастерлейтін, бірігіп тойлайтын күн.Ал енді өздерің отбастарыңда бұл тойды қалай өткізесіңдер, соны айтып беріңдер.</p> <p>Сендер мерекеді наурыzkөже пісіресіңдер ме?Суретпен жұмыс.Наурыз мерекесі туралы әңгімелеу.Оны кім пісіреді? Оған не қосады? <b>Дидактикалық ойын:«Бір сөзбен ата».</b>Ойын шарты: Сұраққа жедел жауап беру көзделеді. Тәрбиеші көп сөз айтады да, қолындағы добын кез келген балаға лақтырады. Допты қағып алған бала, сол айтылған көп сөздердің бір сөзбен қалай аталатындығын айтып допты кері тәрбиешіге лақтырады.</p> <p>Өрік, шие, алмұрт – ...</p>	<p>желбіретеді.</p> <p><b>Дидактикалық жаттығуы: «Жуан дауысты сөзден баста»</b></p> <p>Тәрбиеші қойған сұрақтарға балалар жуан дауысты дыбыстан басталатын сөздерменжауап беру керек.</p> <p>Қандай көлікпен бардың? (Ұшақпен ұштым т.б.)Сүйікті сусының? (Айран т.б.)Достарыңның аты? (Орал, Ұлпан, Омар, Асқар, Ынтымақ, Олжас.)</p> <p>Сүйікті ойыныңның аты қандай? («Асық», «Арқан тартыс» т.б.)</p> <p><b>Ойын: «Дұрыс қос»</b>Тәрбиеші тақтаға екі қатарға суреттер іледі. Балаларға әр қайсысын атап айтқызады.Балаларды бір-бірден тақтаға шақырып, тапсырманы орындатады.Бір буыннан тұрып, тамақты білдіретін екі суретті қос (нан-қант). Екі буыннан тұрып, төсек-орынды білдіретін екі суретті қос (жастық, көрпе). Үш буыннан тұрып, көгөністі білдіретін екі суретті қос ( асқабақ, қызанақ).</p> <p><b>Ойын-жаттығу: «Сөз таңда»</b></p> <p>Тәрбиеші мақалды оқиды, мақалдың мазмұнын балаларға түсіндіреді. Балалар суреттегі заттардың тиістісін айтып, мақалды толықтырады. Суреттегі заттардың атын буынға бөледі.</p> <p>Мақал – сөздің мәйегі.</p> <p>Оқу ... құдық қазғандай. <i>и-не, кү-рек, қа-сық.</i> Ата көрген ... жонар <i>оқ, оқ-тау, ер.</i></p>
--	--	---	--

	<p>Бағбан не істейді? Ұста не істейді? <b>Дидактикалық ойын-жаттығу:</b> <b>«Жалауша»</b> Тәрбиеші дыбыстар айтады. Егер дыбыс дауысты болса, балалар қызыл жалаушаны, егердыбыс дауыссыз болса, көк жалаушаны желбіретеді. <b>Дидактикалық ойын: «Дұрыс таңда»</b> <i>Тақтаға алма, ағаш суреттерін және олардың дыбыстық сызбасын ілу.</i> Сөздегі дыбыстарды анықтандар. Қай сөзге қандай дыбыстық сызба тиісті? Балалар дыбыстық талдау жүргізеді. Суреттерді тиісті сызбамен салыстырады. <b>Дидактикалық ойын «Үйшігін дұрыс тап»</b>Балалар, мен сендерге суретті карточкалар таратып беремін, сендер карточкадағысуретті атайсыңдар. Сол сөз дауысты дыбыстан басталса, тақтада тұрған қызыл үйшікке, ал дауыссыз дыбыстан басталса, көк үйшікке саласыңдар.Балалар жеке-жеке түсіндіріп, суреттерді өз үйшіктеріне салады. <b>Дидактикалық ойын: «Кері сөзді ата»(доппен)</b>Балалар мен сендерге допты лақтырып сөз айтамын, сендер сол сөзге кері сөзді тауып айтасыңдар да, допты кері лақтырасыңдар. Мысалы: <i>жаман-жақсы, ақ-қара, ақылды-ақымақ, білімді-білімсіз,</i></p>	<p>Түлкі, қоян, қасқыр – ... Шай, май, тұз – ... Бет, мұрын, аяқ – ... Қауын, қарбыз, сәбіз – ... <b>2.Қазақ тілі</b> Армысың өз Наурыз!Ұлттық мерекеге байланысты сөздерді қазақша айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру.Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсінуді және қолдануды үйрету. «Құтты болсын, өз Наурыз» әнін тыңдату. Бұл ән қандай, көңілді ме? Не туралы? Көктемде Наурыз мерекесі болады. Бұл мерекені достарымызбен біргетойлаймыз. Наурыз мерекесі және оған дайындық туралы қысқаша түсінік беру.«Наурыз – жаңа күн» деген мағынаны білдіреді. Жаңа күн, жаңа жыл. Құттықтау:Наурыз құтты болсын! Ұлыс оң болсын! Наурыз мерекесі – Қазақстанның халқы үшін ерекше мереке. Демонстрациялық материалмен жұмыс.Мерекеді ән айтып, тақпақ оқиды, ойын ойнайды.Мынау кім? Мынау – ата. Мынау не? Мынау – домбыра. Ата домбыра ойнап отыр.Ата не істеп отыр?Атадомбыра ойнап отыр.Мынау – алтыбақан.Мынау не? Мынау – алтыбақан. Балалар алтыбақан тебеді.Балалар не істейді? Балалар алтыбақан тебеді. Адамдар ұлттық киім киеді. Қандай қазақ ұлттық киімдерін білесіңдер? Балалар таныс ұлттық киімдерді атайды. Адамдардың көңіл күйлері жақсы. Адамдардың көңіл күйлері қандай? Адамдардың</p>	<p>Ана көрген ... пішер. <i>жсей-де, тон, көй-лек.</i> Асықпаған арбамен . . . алады. <i>тұл-кі, қо-ян, а-ю.</i> Дәптермен жұмыс.Суреттерді ата. Сөздерді буынға бөл. Дыбыстық талдау жаса. <b>2.Математика негіздері</b> Біз не үйрендік? Сөйлеуде белгілі бір заттың өзіне немесе басқа затқа қатысты орнын көрсете білуге үйрету. <b>«Санды айт» ойын-жаттығуы.</b> -Тесік күлшеге ұқсайтын сан?0 -Тебен инеге ұқсайтын қандай сан?1 -Аққуға ұқсайтын қандай сан?2 -Екі ілмек і әріпке ұқсайтын қандай сан?3 -Төңкерілген орындыққа ұқсайтын сан?4 -Мектепте қоятын ең жақсы бағаны білдіретін қандай сан?5 -Құлыпқа ұқсайтын қандай сан?6 -Көсеуге ұқсайтын қандай сан?7 -Жатпайтын қуыршаққа ұқсайтын қандай сан?8 -Төңкергенде 6 санына айналатын қандай сан?9 <b>1-ші ойын.Пойыз.</b> Мақсаты:10-ның көлемінде сандарды есептеу дағдыларын қалыптастыру, қимыл-қозғалыс белсенділігін дамыту. Алдын ала 4 орындық қойылады,олардың әрқайсысына 7,8,9,10 сандары жазылған карточкалар жатады.Тәрбиеші 8 баланы таңдап алып,оларға бүктелген түрде</p>
--	---	--	---

	<p>қайырымды- қайырымсыз, биік-аласа, жылады-күлді, отырды-тұрды, ашты-тәтті, жапты-ашты, кір-шық, тазалас, ыстық-суық, көрікті-көріксіз, жұмды-ашты, қатты-жұмсақ, ұзын-қысқа, жалпақ-жіңішке т.б.</p> <p><b>Дидактикалық ойын: «Буынға бөл»</b>  Мен сендерге суреттер көрсетем, сендер суретті атап, атуын шапалақпен буынға бөліңдер.Мысалы: <i>жа-пы-рақ, жү-зім, ке-ру-ет, тү-іе, та-бақ, ке-рік, пи-яз, ө-рік, жыл-қы, ши-е, мы-сық, а-ғаш, ал-ша, қа-ла, үс-тел, шал- ма, тек-ше, те-ре-зе, са-ғат, са-ғыз, қой, қо-ян, тұл-кі, піл, ке-се, ша-ныш-қы, ти-ін, и-не, пи-ма, ли-мон, ал-мұрт, қар-быз, қа-лам, ше-лек, қы-за-нақ, а-рыс-тан, жол-ба-рыс, тас-ба-қа, ба-қа, қай-мақ, кө-бе-лек</i> т.б.</p> <p><b>3.Музыка</b>  Көктем әндері.Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау.</p> <p><b>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:</b>  «Ленталармен жаттығу» (В. Моцарт).  Түрлі түсті ленталармен әуенді сезіне ырғақтық қимылдарды бірге, мәнерлеп орындауға үйретуді жалғастыру.  Жұмбақ жасыру: Сулар ағып жылғадан, Құстар әнін жырлаған. Бұлт айдары желбірейді, Бұл мезгілді қалай дейді?  Балалармен көктем туралы, көктемде қайтып оралатын жыл құстары туралы сұхбат жүргізу. Көктемде</p>	<p>көңіл күйлері жақсы.Ән: «Дастарқан».  Ей, халайық, халайық,Бар өнерге салайық.  Ас ұсынып, бас тартқан, Жаюлы тұр дастарқан. Дастарқан-ау, дастарқан, Берекелі дастарқан, Мерекелі дастарқан  Наурыз мерекесінде ұлттық тағамдар дайындалады. Наурыз мерекесінің басты тағамы наурыzkөже. (Түсінік беру).  Әжей наурыzkөже пісіреді.Наурыzkөжені кім пісіреді? Әжей наурыzkөже пісіреді.  Қандай ұлттық тағам білесіңдер? Суретпен жұмыс.Балалар таныс тағамдарды атайды, суреттерін көрсетеді: бауырсақ, қымыз, шұбат, құрт.<b>Ұлттық ойын: «Сақина».</b>  Ойынды бастайтын баланы санамақ арқылы анықтайды. Санамақ айту.Бір, екі – Жердің беті.Сары шымшық, Тез ұшып шық. Балалар шеңбер болып қатарға отырады. Алақандарын бір-біріне қысып, қолдарын алдында, тізе үстінде ұстайды. Ойын бастаушының қолында сақина болады. Ол өз алақандарымен сақинаны балалардың алақандарын ашып салған сияқты боп, біреуінің алақанына салу керек. Бәрін аралап өткен соң ортаға келіп: «Бір, екі, үш – сақинам үш!» – дейді. Сонда қолында сақинасы бар бала тұру керек. Оң жақта отырған көршінің тапсырмасы оны ұстау керек. Егер сақинаға ие болып жүрген ойнаушыны көршісі ұстай алмаса, онда көршісін жазалайды, ал егер сақина бар бала тұра алмаса, онда оның өзін жазалайды. Жаза әртүрлі болуы</p>	<p>билеттер үлестіреді.Әр билетте бір-бір мысалдан берілген:4+3.9-1,7+3;8+2,5-2;  Тәрбиешінің белгі беруі бойынша балалар билеттерді ашып,мысалдарды шешедіжәне өз орындарын табады.Орын дықтарға отырып үлгермеген балалар ойыннан шығады.Әрі қарай 2орындық қалдырып,басқа балаларға жаңа билеттер үлестіріледі.Ең соңғы бала жеңіске жетеді.</p> <p><b>2-ші ойын.Математикалық безбендер.</b>  Мақсаты:10-ның көлемінде сандарды салыстыру іскерлігін дамыту.Тәрбиеші ойынға қатысушылардың әрқайсысына 0-ден 10-ға дейінгі сандар жазылған карточ каларды еркін түрде үлестіріп,балаларды 2командағабөледі,оларды қатарластырып тұрғызады.Әр жолы бір жұп баладан ойнайды.Олар өз карточкаларындағы сандарды салыстырады.Саны үлкен болып шыққан бала екі карточканы да өзіне алады,ал карточкасыз қалған қатысушы ойыннан шығып,орнына отырады.Егер сандар бірдей болса,онда екі ойыншының да карточкалары өздерінде қалады.Әрі қарай балалардың келесі жұбы ойынға шығады.</p> <p><b>3.Көркем әдебиет</b>  Әз,Наурызым армысың!  Әдеби жанрларды эмоционалды қабыл дауына ықпал ету,жанрларды ажырату, тілдің көркемдігін сезіну.  Наурыз келді, балалар,</p>
--	---	---	---

	<p>табиғатта болатын құбылыстар туралы әңгімелесу. Көктем көріністері, жыл құстары туралы суреттер көрсету.</p> <p><b>Музыка тыңдау:</b> «Қараторғай» (Ақан сері, өңдеген Б. Ерзакович).</p> <p>Көптеген әндер табиғатпен байланысты, тау-тас, өзен-сумен байланысты болса, енді біреулер табиғат аясында жүрген құстарды әнге қосқан. Ән айтар алдында дауыс жаттығуын жасап, әуенді таза айтуға ұмтылу.</p> <p><b>Ән айту:</b> «Көктем» (Д. Гусинцев).</p> <p>Бұл әнде құстардың қайтуы, өлкенің жаңаруы көтеріңкі көңіл күймен жырланады. Әнді бір мезгілде бастау және аяқтау, әуенді дұрыс бере білу.</p> <p>Үйренген «Домбыра сазы» әнін (И. Нүсіпбаев) еске түсіру, сөздерін анық айтуға, ән ырғағымен орындауға баулу.</p> <p>Жеке және хормен айту.</p> <p><b>Билер:</b> «Апатайым-ай» биі («Билеп үйренейік» жинағынан). Әуенді тыңдай отырып, ырғаққа ілесе нық қимылдар жасау.</p> <p><b>Ойындар, хороводтар:</b> «Балақан да алақан» (Ө. Байділдаев).</p> <p><b>Музыкалық аспапта ойнау:</b> «Латыш полькасы» (М. Раухвергер).</p> <p><b>4. Дене шынықтыру</b></p> <p>Футбол ойнап шыныға түс. Балалардың салауатты өмір салтына деген қажеттілігін қалыптастыру.</p> <p>Тізбекте бір-бірден, сонан кейін екі-екі</p>	<p>мүмкін: жеңімпазды арқасына отырғызып жүріп келу, бір аяқпен секіру, билеу, ән айту және т.б. Жазаланған тапсырманы жасағаннан кейін жүргізуші болады және ойын жалғаса береді.</p> <p><b>3. Математика негіздері</b></p> <p>10 саны мен цифры.</p> <p>Сөйлеуде белгілі бір заттың өзіне немесе басқа затқа қатысты орнын көрсете білуге үйрету.</p> <p>Бүгін бізге спортшылар (9 бала) келді. Бірақ балалар өз орындарын таба алмады. Оларға өз орындарын табуға көмектес. Терме полотнода (тақта) балалар спортшыларды нөмірлері бойынша орналастырады. Ойын жағдаятына қызығушылық танытады. Ойыншының қате нөмірін табуға қатысады. Біз 0 рет секіре аламыз ба? 0 рет қол соға аламыз ба? Неліктен? Өйткені енді ол 10 болады. Тәрбиеші бірлік тің жанына нөлді қойып, сұрақ қояды: Мына санды жазу үшін неше цифрды пайдаландық? Адамның қолдарында неше саусақ бар? 10 санын үшбұрыш пішінінде орналастырылған нүктелер арқылы бейне леуге болады. Бұл санды үшбұрышты сан деп атауға болады. Суретке қарап, сұрақ тарға жауап береді. 2 цифрды. Екі қолда 10 саусақ бар. 10 дөңгелекті санап, үшбұрыш құрады.</p> <p><b>1-ші ойын. Тізбек.</b></p> <p>Мақсаты: 10-ның көлеміндегі сандар білімін бекіту. Ойынды тәрбиеші бастайды</p>	<p>Көктеді қыр, жағалар.</p> <p>Наурыз тойын тойлайық, Жаңа жылда, балалар</p> <p>Балалар, барша адамның көптен күтетін жыл мезгілі – көктем де келді.</p> <p>Көктемде Жер-ана, табиғат – барлығы ерекше әдемі болып кетеді. Көктемде ең тамаша ұлттық мерекелердің бірі – Наурыз мерекесін тойлаймыз.</p> <p>Наурыз мерекесінің басқа мерекеден ерекшелігі неде деп ойлайсыңдар?</p> <p>Қазақ халқының ұлттық мерекесі – Наурыз – Ұлыстың ұлы күні деп аталады.</p> <p>Бүгін біз Оразақын Асқар ағамыздың «Өз Наурызым, армысың» өлеңімен танысамыз. -Әдеби жанрдың бір түрі өлең екенін түсіндіру. Өлең сөз адамның жан тебіренісін әсерлі етіп жеткізеді. Айрықша сезімдерді ұйқас сөздермен суреттейді.</p> <p>Өніп еккен дәніміз, Бүршік жарды бағымыз.</p> <p>Сәскеде жаз, түнде қыс Секілді екен Наурыз</p> <p>Балалар, барша адамның көптен күтетін жыл мезгілі – көктем де келді. Көктемде Жер-ана, табиғат – барлығы ерекше әдемі болып кетеді. Көктемде ең тамаша ұлттық мерекелердің бірі – Наурыз мерекесін тойлаймыз.</p> <p>Наурыз мерекесінің басқа мерекеден ерекшелігі неде деп ойлайсыңдар?</p> <p>Қазақ халқының ұлттық мерекесі –</p>
--	--	---	--

	<p>ден сап түзеп жүру, қайтадан бір тізбек болып жүру. Аяқты аяқастырып жүру, жартылай отырып, толық отырып жүру, көзді жұмып, 4 м жерге дейін жүру. Тізені қатты бүгіп, артқа жіберіп; тізені жоғары көтеріп жүгіру.</p> <p><b>Тыныс алу жаттығуы</b> «Спортпен айналыссақ, жылдам өсеміз» – аяқтың ұшымен тұру, қолды жоғары көтеріп, дем алады. «Күннен-күнге бойымыз өсіп жатыр» – қолды төмен түсіріп, табанды жерге толық басып, дем шығару. Екі-екіден тізбекке тұрады. Жарыспақ – 30 метр дистанцияға қуып, озып кетіп жүгіру.</p> <p><b>«Балапан ұядан ұшады»</b> Б.қ.: аяқтарын иық еніндей етіп қою. Қолдары шынтақтан бүгіліп, білектерін көлденең, саусақтарының арасы ашылған, алақандарын кеудесіне қаратып ұстап тұру. Шынтақтарын мүмкіндігінше артқа қарай жібергенде демін ішке тарту. Ал б.қ. қайта оралғанда – демін сыртқа шығару (6 рет қайталау).</p> <p><b>Тырна қанат жазады.</b> (Екі жаққа бұрылыстар). Б.қ.: қолдарын алдыға – жоғары – алдыға – екі жаққа баяу көтерген кезде оң аяғының тізесін бүгіп, жерге параллель етіп көтеріп, біраз кідіру – демін ішке тарту. Б.қ. – демін сыртқа шығару. Келесі аяқпен осы қимылдарды қайталау.</p> <p><b>Жылан билейді.</b> Б.қ.: аяқтары иық</p>	<p>және 10-ның көлеміндегі кез келген бір санды атайды. Бірінші қатысушы ол санды қайталайды және 10-ның көлеміндегі кез келген басқа бір санда атайды. Оныңжанын да отырған қатысушыға аталған екі санды қайталайды және өзінің санын атайды. Барлық қатысушылар осылайша тізбек бойынша ойнап, ойын олардың біреуі сандардың реттілігін ұмытып қалғанша жалғасады, ол кезде ойын басынан қайта басталады.</p> <p><b>2-ші ойын. Көршілер.</b> Мақсаты: 10-ның көлемінде реттік санау дағдыларын дамыту, 10-ның көлеміндегі сандар реттілігі білімін бекіту. Тәрбиеші 11 баланы шақырып, әрқайсысына 0-ден 10-ға дейін сандар жазылған карточкалар үлес тіріп береді. Балалар сандардың реттілігі бойынша бір қатарға тұрып, нөлінші, бірінші, екінші, үшінші т.с.с. деп санап шығуға тиіс. Сосын тәрбиеші 0-ден 10-ға дейінгі сандардың бірін атайды. Өз карточкасын дағы сан аталған санның көршісі болып шыққан балалар қолдарын көтереді.</p> <p><b>4. Шығармашылық іс-әрекет</b> Наурыз мерекесі. Құрастыру: Дербестікті, шығармашылықты, бастаманы қолдау. Сурет салу: ұжыммен бірге жұмыс істеу, міндеттерді өзара келісіп орындау, салынған суретпен түрлі ойындар ойнау. Мүсіндеу: жұмыс барысында түрлі кескіштер қолдану, олардың бетіне</p>	<p>Наурыз – Ұлыстың ұлы күні деп аталады. Бүгін біз Оразақын Асқар ағамыздың «Өз Наурызым, армысың» өлеңімен танысамыз. - Әдеби жанрдың бір түрі өлең екенін түсіндіру. Өлең сөз адамның жан тебіренісін әсерлі етіп жеткізеді. Айрықша сезімдерді ұйқас сөздермен суреттейді.</p> <p>Өніп еккен дәніміз, Бүршік жарды бағымыз. Сәскеде жаз, түнде қыс Секілді екен Наурыз. Сұрақ-жауап: Өлеңде не туралы айтылған? Сендерге ұнады ма? Наурыз мерекесі қай мезгілде тойланады? Қай мезгілде ағаштар бүршік жарады, малдар төлдейді? Суреттен не көріп тұрсыңдар? Қай мезгіл деп ойлайсың? Балалардың көңіл күйлері қандай? Наурызкөжеге қосатын дәндерді атайық. Наурыз мерекесі туралы не білесің?</p> <p><b>4. Дене шынықтыру</b> Өрмелеп үйренеміз. Салауатты өмір салты туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. Бір-бірден тізбекке сап құру. 2 минут баяу жүгіру. Аяқты өкшеден бастап, аяқ басына қарай басады. Қолдарын иықтан бастап бос ұстайды. Тыныс алуды қалыпқа келтіру. Баяу жылдамдықпен бір қалыпты жүгіреді. Дұрыс тыныс алуын қадағалау.</p>
--	--	---	--

	<p>еніндей етіп қою, қолдарымен ұстасып, желкесіне қойылған. Шынтақтары мүмкіндігінше артқа тартылған. Басы мен табанын қозғалтпай, белінайналдырады. Жасыл желекті жел тербейді.</p> <p>Б.қ.: аяқтарын алшақтау қойып тұру.</p> <p>Сол аяғына қарай қисаю, қол саусақтарын аяғына тигізу – демін ішке тарту.</p> <p>Б.қ.: демін шығару. Сол қимылдарды оң жағына қайталау.</p> <p><b>Қолыңмен көкті итер.</b> Б.қ.: тұру. Қолдарын баяу алдыға көтеру. Денені түзеп, тыныс алуды қалпына келтіру. 8 рет. <b>Футбол</b> – жұптарға бөлініп, 3 метр қашықтықтан бір-біріне допты дөңгелету. (10 рет) <b>Нұсқау</b> – допты серігінің дәл аяғына беру, допты ұру күшін мөлшерлеу, допты тек табанымен тоқтату.</p> <p><b>Қимыл-қозғалыс ойыны: «Көкқұтан».</b> Бір-бірінен бір адым қашықтықта құрсаулар жерде жатады. Бір аяқпен секіргенде статикалық тепе-теңдікті сақтауға назар аудару.</p>	<p>бедерлер жасау.</p> <p>Жапсыру: Қазақ халқының тұрмыстық заттары, киіз үй жабдықтарымен таныстыру, қиып жапсыру.</p> <p>Наурыз мерекесіне арналған суреттер.</p> <p>Көктем көріністері.</p> <p>Күлімде күн күлімде, Жер жасарып көгерсін.</p> <p>Күлсін барлық бала шат.</p> <p>Жарқын болсын болашақ.</p> <p>Наурыз тойы.</p> <p>Күн менен түн теңелді, Жер шуаққа бөленді.</p> <p>Соны тойлар ел енді.</p> <p>Наурыз тойы салтымыз.</p> <p><b>Кімге не қажет? дидактикалық ойыны.</b></p> <p>Ұлттық киімдер.</p> <p><b>Сен білесің бе ойыны. Наурыз көже.</b></p> <p>Шығармашылық орталықтың тапсырмалары.</p> <p>1 топ. Бәйшешек.</p> <p>2 топ. Жауқазын.</p> <p>3 топ. Алма гүлі.</p> <p>4 топ. Биші Айгерім</p> <p>Балалар шығармашылығы.</p>	<p>лайды. Айналымды құрсаулармен жалпы дамыту жаттығуларын орындау (№2). Еңкейгенде аяғын бүкпей, кідіріспен тыныс алады. Құрсаудың үстімен әртүрлі жүрістер орындайды: өкшесін еденге, аяғының басын құрсауға басып, аяғының басын еденге, өкшесін құрсауға басып жүреді. Негізгі қимылдарды орындау: Әртүрлі тәсілдермен гимнастикалық қабырғаға өрмелеу – кезекпен аттап өрмелеу, сатылардан дұрыс ұстану, қауіпсіздік ережелері. (3 рет) Баспалдаққа шығуды орындайды. <b>Ойын жаттығуы: «Іліп кетпе!»</b> – айналып тұрған секіртпеден секіріп өту. Ойынға белсене қатысады. Секіртпе қозғалыс амплитудасының ең жоғарғы нүктесіне келген сәтте оның орта тұсының астынан шапшаң жүгіріп өтіп үлгеруге тырысады. (2 рет)</p>
Серуенге дайындық	<p>Өз бетінше киіну және шешіну қабілетін белгілі бір ретпен бекіту, заттарды шкафқа дұрыс қою және мұқият бүктеу; түрлі сыдырмаларды қолдану қабілетін бекіту.</p> <p>Сыдырманы саламыз</p> <p>Сенің киіміңде:</p> <p>Түйме мен ілгекті,</p> <p>Түрлі батырманы.</p> <p>(Сөйлеуді дамыту)</p>		
Серуен	Еріген қардың пайда болуын бақылау	Қарды бақылау	Наурыз айындағы ауа-райын бақылау



	<p>Мақсаты: көктемнің белгілері туралы түсініктерді кеңейту. Күн сайын көктемгі қардың арасында ала қар пайда болады. Күн сәулесі жерді қыздырып, қарды ерітеді. Ала қардың қай жерде пайда болуы мүмкін екенін белгілеу: күн жағында ма немесе көлеңкеде ме. Қара ала қар – бұл буланған, ылғалды ала қарлы жер. Еңбек қызметі: ғимараттардан қар тазалау. «Кімнің ұсталғанын тап» қимылды ойын Мақсаты: байқауды, белсенділікті, бастаманы дамыту. «Біз көңілді балалар» қимылды ойыны Мақсаты: ауызша сигнал бойынша қимылды орындау қабілетін дамыту. (Дене шынықтыру + сөйлеуді дамыту + сыртқы әлеммен танысу)</p>	<p>Мақсаты: қардың түсін өзгерткеніне, кірленгеніне назар аударту, неге екенін талқылау. «Көктем туралы сөздерді ойлап тап» дидактикалық ойыны Мақсаты: сөздікті байыту; фонематикалық есту қабілетін дамыту. Еңбек қызметі: жолдарды сыпыру. «Нысананы көзде» қимылды ойын Мақсаты: лақтыру қабілетінде жаттығу. «Ағын арқылы» қимылды ойын Мақсаты: кедергілерден екі аяқпен секіру. Шығарылатын материалмен дербес ойындар (күрек.) (Дене шынықтыру + сөйлеуді дамыту + қоршаған әлеммен танысу)</p>	<p>Мақсаты: бүгін қандай күн (суық, жылы, шуақты, бұлтты, қар жауады (ериді)). Табиғатта не өзгерді? Еңбек қызметі: кіреберісті сыпыру. «Тартыс» қимылды ойыны Мақсаты: арқан тарта білу. «Қуып жету» қимылды ойыны Мақсаты: таза ауада сауықтыру, қозғалыс белсенділігі. Дербес ойындар. (Дене шынықтыру + сөйлеуді дамыту + қоршаған әлеммен танысу)</p>
Серуеннен оралу	Шешіну, киіну кезінде дағдыды қалыптастыруды жалғастыру, Дербес ойын әрекеті. (Сөйлеуді дамыту + қоршаған әлеммен танысу)		
Балалардың өзіндік іс-әрекеті	<p>«Концертте» сюжетті-рөлдік ойын Мақсаты: жаңа мазмұнмен, жаңа эпизодтармен байыту арқылы сюжетті-рөлдік ойынды ұзартуға үйрету; сөздікті байыту; балалардың сөйлеуін дамыту. «Суретті аяқта» дидактикалық ойыны Мақсаты: шығармашылық қабілеттерін дамыту. «Кімге не керек?» дидактикалық ойын Мақсаты: балалардың сөздік қорын байыту. (Сөйлеуді дамыту + қоршаған</p>	<p>«Орманға саяхат» сюжетті-рөлдік ойыны Мақсаты: рөлдерді бөлу, бір-бірімен қарым-қатынас жасау; ертегі кейіпкерлерін қоса, ойынның сюжетін дамыту. «Көктем туралы сөз ойлап тап» дидактикалық ойыны Мақсаты: сөздікті байыту; фонетикалық есту қабілетін дамыту. Үстел үсті ойындары Мақсаты: логикалық ойлауды, қолдың ұсақ моторикасын, табандылықты дамыту.</p>	<p>«Қонақты қарсы алу» дидактикалық ойыны Мақсаты: жақсы тон ережелерін бекіту, қазақ тілінде диалог жүргізе білу. «Көктем келеді» фильмінің суретінн мониторда қарау Мақсаты: ой-өрісін кеңейту. (Сөйлеуді дамыту + қоршаған әлеммен танысу)</p>

	әлеммен танысу + сурет салу)	(Сөйлеуді дамыту + қоршаған әлеммен танысу)	
Балалармен жеке жұмыс	Әлеуметтік-эмоционалды дағдылар «Болады-болмайды» дидактикалық ойыны Мақсаты: балалардың қоршаған ортадағы өзгерістер туралы білімдерін байыту	Танымдық және интеллектуалдық дағдылар «Атап айт және көрсет» дидактикалық ойыны Мақсаты: геометриялық фигураларды, сандарды бекіту. «Неге ұқсайды?» дидактикалық ойын Мақсаты: ұқсастық пен айырмашылық бойынша заттарды салыстыру	Қарым-қатынас дағдылары «Отбасы мерекеге қалай дайындалады» ситуациялық ойын Мақсаты: нақты, толық сөйлеммен сөйлей білу, 5-6 сөйлемнен тұратын шағын әңгіме құра білу
Серуен	«Бәйге» қимылды ойыны Мақсаты: жүгіру, ептілік, кеңістіктегі бағдар. «Аңшылар мен қояндар» қимылды ойыны Мақсаты: екі аяқпен секіру, сигнал бойынша әрекет ету. Балалардың қалауы бойынша қимылды ойындар. (Дене шынықтыру)		
Балалардың үйге қайтуы	«Экологиялық тәрбие – адамгершілікке, руханиятқа және интеллектке тәрбиелеу» консультациясы (Whatsapp мессенджері)		